

Санды 10-ға, 100-ге, 1000-ға көбейту және бөлу



Бекжанова Б.С.

Сабақтың мақсаты :

Сандарды 10-ға, 100-ге, 1000-ға көбейту мен бөлудің тәсілдерін үйрету, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, есептеу қабілеттерін дамыту.

Оқушыларды тапқырлыққа, еңбекшілдікке, бірлікке тәрбиелеу.

Амандасу рәсімі:

**Бүгін күн қандай тамаша,
Күн күліп тұр жараса.
Бізге келген қонақтарға
Сәлем бердік жарыса**

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Армысың, ару күн!

Армысың, жақсы дос!

Бос өтпей әрбір күн

Білімге білім қос.



**Топ ережесі: Бірін-бірі тыңдау
Бірлесіп шешу
Өзара көмек көрсету
Ойды ашық айту
Тыныштықты сақтау
Уақытты үнемдеу**

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

1. Білім ордасы не?
2. Тәуліктің үштен бір бөлігі неше сағатқа тең?
3. 9-дан 100-ге дейінгі сандарда қанша 9 саны кездеседі?
4. Ойлаған санға 119-ды қосқанда 800 шықты. Ойлаған санды тап.
5. 1000теңгенің 711 теңгесіне сауда жасасаң, қанша теңге қалады?
6. 1килограмм алма 360 теңге тұрса, 3кг алма қанша тұрады?
7. Ұшақтың жылдамдығы 850км. Ол 3сағатта неше км ұшады?

Сабақтың кезеңдері:

1. Ұйымдастыру

*2. Үй
тапсырмасы*



3. Жаңа сабақ

*6. Үйге
тапсырма*

*5.
Бағалау*

*4. Қорытынды
Бекіту*



Артқа

ОҚУЛЫҚПЕН ЖҰМЫС

№ 1 (а) Ауызша есептеу.

$$2*10 \quad 23*10 \quad 234*10 \quad (\text{I топ})$$

$$2*100 \quad 23*100 \quad 234*100 \quad (\text{II топ})$$

$$2*1000 \quad 23*1000 \quad 234*1000 \quad (\text{III топ})$$

Кез келген санды 10, 100, 1000 сандарына көбейту үшін не істеу керек?


**(Ә) ӘР БАҒАНДАҒЫ МЫСАЛДАРДЫ
ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ САЛЫСТЫР**

20:10 230:10 2340:10 (I топ)

200:100 2300:100 23400:100 (II топ)

2000:1000 23000:1000 234000:1000 (III топ)

**Санды 10, 100, 1000 сандарына бөлу үшін
не істеу керек?**




№2 (а) Қандай сандарды 10-ға қалдықсыз бөлуге болады? 100-ге ше? 1000-ға ше? Мысалдар келтір.

(ә) 98 санын 10-ға қалдықсыз бөлуге бола ма? Неліктен?

б) 987 санын 100-ге қалдықсыз бөлуге бола ма? Неліктен?

№3.

Мына сандардың ішінен 10-ға қалдықсыз бөлінетіндерін – бірінші бағанға, ал 100-ге қалдықсыз бөлінетіндерін – екінші бағанға, 1000-ға қалдықсыз бөлінетіндерін – үшінші бағанға теріп жазыңдар: 3784, 3780, 3700, 3000, 4873, 4870, 4800, 4000.



№4. Қалдықпен бөлуді орында және тексер:

$$48:10 =$$

$$438:10 =$$

$$4839:100 =$$

$$76:10 =$$

$$765:10 =$$

$$7658:1000 =$$



Сергіту сәті



**№5. А) ӘРБІР БӨЛІНГІШТЕ БӨЛІНДІНІҢ МӘНІН
БІЛДІРЕТІН ЦИФРЛАРДЫҢ АСТЫН СЫЗ:**

359:10 647:100 12894:1000 200:100

72:10 4389:100 8536:1000 2000:1000

**ә) Әрбір бөлінгіште бөліндінің мәнін білдіретін цифрлардың
астын сыз:**

294:10 356:100 58417:1000 2400:100

68:10 7492:100 6246:1000 34000:10

№6. ЕСЕПТІ ШЫҒАР:

Бірдей бес орамда 360 м. шыт, ал бірдей үш орамда 108 м сәтен бар. Бір орамдағы шыт сәтеннен неше метр артық? Бір орамдағы сәтен шыттан неше есе кем?

Бірдей 5 орамда- 360 м шыт

Бірдей 3 орамда – 108 м сәтен

? артық
↕
-? есе кем

№9. ӨРНЕК ТҮРІНДЕ ЖАЗ ЖӘНЕ МӘНІН ТАП:

**а) 860 және 160 сандарының айырмасын
8 есе арттыру;**

**ә) 90 және 5 сандарының көбейтіндісінен
370-ті азайту;**

**б) 1000-ның 2-ге бөліндісін 120-ға
арттырып, қосындыны 2 есе кеміту;**


**в) 550 мен 350-дің қосындысының
тоғыздан бір бөлігін тап.**

САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

- ❑ Бүгінгі сабағымыздан не үйрендіңдер?**
- ❑ Қандай ой түйдіңдер?**
- ❑ Сабақ сендерге ұнады ма?**
- ❑ Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек»
(Оқушылар сабақтан алған әсерлерін
стикерлерге жазып, тақтаға іледі)**



Үйге тапсырма



№7, 118 бет

Сабақ аяқталды.

Бағалау

